

"Аэротұрлым жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеу, есепке алу және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 маусымдағы № 530 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 185 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 наурыздағы № 141 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.03.2022 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Аэротұрлым жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеу, есепке алу және беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 маусымдағы № 530 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., № 25, 235-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Аэротұрлым жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеу, есепке алу және беру қағидалары осы қаулыға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

A. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2020 жылғы 8 сәуірдегі
№ 185 қаулысымен
бекітілген
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 4 маусымдағы
№ 530 қаулысымен
бекітілген

Аэротұрлым жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеу, есепке алу және беру қағидалары 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Геодезия және картография туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-тармағының 8) тармақшасына

сәйкес әзірленді және аэротүсірлім жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеу, есепке алу және оларды беру тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік, арнайы және (немесе) салалық мақсаттағы қызмет үшін фотографиялық, телевизиялық, инфрақызыл, радиолокациялық және басқа да аппаратураның көмегімен орындалатын аэротүсірлім жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеуді, есепке алушы және оларды беруді геодезия және картография саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады.

Аэротүсірлім жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеу, есепке алу және беру аэротүсірлім жұмыстарын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аэротүсірлім – электромагниттік толқындар спектрінің әртүрлі участкерінде жұмыс істейтін түсіру жүйелерін (ақпарат қабылдағыштарды) пайдалана отырып, жергілікті жерді ұшу аппараттарынан түсіру;

2) аэротүсірлім жұмыстары – ұшу-түсіру жұмыстарынан және деректерді ондеуден тұратын жұмыстар.

2-тaraу. Аэротүсірлім жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеу, есепке алу және рұқсатты беру тәртібі

4. Аэротүсірлім жұмыстарын жүргізуге рұқсат (бұдан әрі – рұқсат) алу үшін жеке және занды тұлғалар (бұдан әрі – өтініш берушілер) уәкілетті органға осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген құжаттардың (бұдан әрі – құжаттар) электронды көшірмелерімен қоса осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес аэротүсірлім жұмыстарын жүргізуге өтінішті "электрондық үкімет" www.egov.kz веб-порталы арқылы береді.

Уәкілетті орган рұқсатты құжаттар келіп түскен күннен бастап он үш жұмыс күннен кешіктірмей береді.

5. Рұқсат беру үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанындағы аэротүсірлім жұмыстарын жүргізуге өтініш;

2) меншік құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері немесе әуе кемесін жалға алу шарты не әуе кемесі бар меншік иесімен аэротүсірлім жұмыстарына қызметтер көрсетуге жасалған шарт;

3) географиялық координаталарын көрсете отырып, аэротүсірлім жұмыстарын жүргізу жоспарланып отырған аумақ картограммасының электрондық көшірмесі;

4) жоспарланып отырған аэротүсірлім жұмыстарының техникалық жобаларының (немесе техникалық тапсырмаларының) электрондық көшірмелері.

Уәкілетті орган өтініш берушіден құжаттарды алған сөттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Өтініш беруші құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараптырудан дәлелді бас тарту береді.

6. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, мәлімделген жұмыстардың бұрын жүргізілген аэротүсірлім жұмыстарын қайталайтыны анықталған жағдайда (бұдан әрі – қайталау), уәкілетті орган өтініш берушінің құжаттарын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде бұл туралы өтініш берушіні хабардар етеді. Бұл жағдайда аэротүсірлім жұмыстарына өтініш беруші бұрын жасалған аэротүсірлім материалдары мен деректерін пайдаланады.

7. Осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттар толық болған және қайталау анықталмаған жағдайда, уәкілетті орган өтініш берушіден құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметіне (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) аэротүсірлім жұмыстарын жүргізуге келісу туралы сұратуды қоса тіркелген құжаттармен бірге жолдайды.

8. Мемлекеттік органдар құжаттарды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды қарап, уәкілетті органға олар бойынша оң не қарсы жауап жібереді.

Мемлекеттік органдар белгіленген мерзімдерде жауап бермеген жағдайда, рұқсат беру келісілді деп есептеледі.

9. Уәкілетті орган мемлекеттік органдардың оң жауаптарын алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат береді, оның қолданылу мерзімі ағымдағы жылдың соңына дейін болады.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 19-1-бабында көзделген негіздер бойынша уәкілетті орган көрсетілген мерзімдерде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды және өтініш берушігө жібереді.

10. Жұмыстар аяқталған соң өтініш беруші өзі жасаған аэротүсірлім, геодезиялық және картографиялық материалдар мен деректер көшірмелерінің бір данасын Қазақстан Республикасының Ұлттық картографиялық-геодезиялық қорына авторлық құқықтарын сақтай отырып, өтеусіз ұсынады.

11. Берілген рұқсаттарды тіркеу және есепке алу рұқсаттардың және хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінде жүргізіледі.

3-тaraу. Қорытынды ережелер

12. Уәкілдегі органның әрекетімен келіспеген жағдайда, өтініш беруші уәкілдегі органның шешіміне заңнамада белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

Аэротүрлім жұмыстарын
жүргізуге рұқсаттарды тіркеу,
есепке алу және беру
қағидаларына
1-қосымша
Нысан


[Уәкілдегі органның атауы, деректемелері (мемлекеттік тілде)]		[Уәкілдегі органның атауы, деректемелері (орыс тілінде)]
---	---	--

Нөмірі _____ 20 жылғы "___" ____

Аэротүрлім жұмыстарын жүргізуге өтініш

Аэротүрлім жұмыстарын жүргізуге рұқсат беруді сұраймын. Аэротүрлім объектілерінің аумақтық орналасуы _____

- аэротүрлім ауданы _____ (шаршы километр)
аэротүрлімнің мақсаты _____
- аэротүрлімнің техникалық шарттары _____
аэротүрлім шарттары және уақыты _____
- Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.
[Жасалған күні] [Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей.

Аэротүрлім жұмыстарын жүргізуге рұқсаттарды тіркеу, есепке алу және беру қағидаларына 2-қосымша
Нысан

[Уәкілді органның атандыруы, деректемелері (мемлекеттік тілде)]		[Уәкілді органның атандыруы, деректемелері (орыс тілінде)]
---	--	--

Аэротүрлім жұмыстарын жүргізуге рұқсат

Нөмірі _____ 20 _____ жылғы "___" _____

Жеке тұлғаның тегі, аты, экесінің аты (бар болса) не заңды тұлғаның толық атандыруы

— Жұмыстардың түрі және мақсаты _____

— Жұмыс участкесінің орналасқан жері _____

— Жүргізуге өтініш берілген мынадай жұмыстарға рұқсат берілді _____

P/c №	Сұралып отырған жұмыстардың атандыруы	Жұмыс көлемі	Жұмыс көлемі
Өтініш берілді	Өлшем бірлігі (шаршы километр)	Рұқсат берілді	Өлшем бірлігі (шаршы километр)

1

2

3





4

5

6

20__ жылғы "___" ____ дейін
жарамды

[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»
равнозначен документу на бумажном носителе.

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы"
2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз
жеткізгіштегі құжатпен бірдей.

Аэротүсірлім жұмыстарын
жүргізуге рұқсаттарды тіркеу,
есепке алу және бер
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

[Уәкілді органның атауы, деректемелері (мемлекеттік тілде)]		[Уәкілді органның атауы, деректемелері (орыс тілінде)]
---	--	--


Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не занды тұлғаның толық атауы _____

Дәлелді бас тарту

Нөмірі_____ 20__ жылғы "___" ____
Геодезия және картография саласындағы уәкілді орган Сіздің 20__ жылғы
"___" ____ өтінішіндегі қарап, аэротүсірлім жұмыстарын жүргізуге рұқсат беруден бас тартады, себебі:

[Дәлелді бас тартудың себебі]

[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК